

**«Өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы»
туралы мәселе бойынша №8 педагогикалық кеңес үзіндісі
(20.06.2023ж.)**

К.Б.Еримова: қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген бағалау өлшемшарттары бойынша маусым айының 15-20 аралығында мектептің 2022/2023 оқу жылындағы жалпы жасалған жұмысы бойынша «Өзін өзі бағалау» жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде кешкі мектептің ерекшеліктеріне сай сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру, "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсына игеру, "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру бойынша бөлімдер қаралмады. Өзін өзі бағалау бойынша қарастырылған бөлімдер:

- Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2022/2023 оқу жұмыс жоспарының көшірмесі интернет ресурсқа салынды;
- Сабақ кестелері Kundelik.kz электронды журналы арқылы тексерілді, талапқа сай;
- Үйірме, секциялар бойынша, ағымдағы оқу жылында штаттық кестеде қарастырылмаған;
- Бағаланатын кезеңге әзірленген және бекітілген вариативті компоненттің сабақ кестесі kundelik.kz электронды журналы арқылы тексерілді, нормаға сай;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша күнтізбелік –тақырыптық жоспарлар тексеріліп, Kundelik.kz электронды журналы арқылы қаралады. КТЖ үлгілік оқу жоспарына сай келеді, бағдарламалар 100% орындалды;
- Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы тексерілді, нормаға сай;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі жасалды. Педагогикалық кадрлармен жасақталуы мен біліктілік 7-қосымшасы жасақталды;
- Қорытынды аттестатуға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары тексеріліп, қорытындыланды;
- Kundelik.kz электронды журналы арқылы қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүргізілуі жылдық бағалардың шығарылуы тексерілді, талапқа сай.

Есенбаева К.Б.: Тәрбие жұмысының бекітілген жұмыс жоспары интернет ресурсқа орналастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) оқушылар контингентіне қатысты 8-қосымша толтырылды. Мектепте барлығы 48 оқушы, бастауышта – 2, орта буында 13, жоғары буында 33 оқушы білім алды.

Жайкина Г.Г.: Білім беру процесін материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және

жиһазбен жарақтандырылуы бойынша тізім жасалды. Медициналық пункт, тамақтандыру объектісі бойынша 9,10,11-қосымшалар толтырылды.

Жаксыбаева Б.С.: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі бойынша мәліметтер 12-қосымшаға толтырылды.

Гумарова Г.У.:

2022-2023 оқу жылында № 44 А(К) ЖББМ өзін-өзі аттестаттау барысында мұғалімдердің, директордың орынбасарлары мен мектеп басшысының педагогикалық және басқару қызметінің жағдайы мен нәтижелері, педагогикалық процесті әдістемелік қамтамасыз ету талданды.

Талдау нәтижелері бойынша білім беру қызметі жыл басында өткізілетін педагогикалық кеңестерде бекітілген оқу жоспары бойынша жүзеге асырылатынын атап өтуге болады. Кешкі мектептің оқу жоспары оқушылардың оқу жүктемесі бойынша талаптарды толық сақтайды, оны жүзеге асыру бағдарламалармен, оқулықтармен, оқу жоспарымен қамтамасыз етілген.

Оның нәтижелері бойынша мектеп жұмысының нәтижелілігі қанағаттанарлық деп танылды, жұмыс сауатты жоспарланған, қызметтің барлық аспектілерін, бағыттарын қамтиды, кәсіби шеберліктің өсуіне ықпал етеді.

Өзін өзі бағалау өлшемшарттарын бағалау кезінде мән беретін мәселелер: бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары үшін «Бағалау өлшемшарттарының 2-қосымшасында» барлығы 13 бағалау өлшемшарты көрсетілген. Өзін өзі бағалау кезінде қарастырылмаған бөлімдер:

- 10 - оқу нәтижелері бойынша;
- 11 - білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау;
- 12 - педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау;
- 13 - ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау.

Сонымен қатар, өзін өзі бағалау кезіндегі ерекше тоқталатын тоқталатын мәселелер:

- Ағымдағы жылы мектепте негізгі жұмыс орны болып табылатын 17 мұғалім, негізгі емес жұмыс орны болып саналатын қосалқы жұмыс жасайтын 3 мұғалім болды. Өзін өзі бағалау кезінде қосалқы жұмыс жасайтын 3 мұғалімді есептеуге кіргізген жоқпыз.
- 2-бөлім «Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған мұғалімдер» бойынша бағалау кезінде 1 мұғалім – Ермагамбетов С.Т. 1-топтағы көру мүгедектегіне байланысты аттестаттаудан өте алмайды.
- 3-бөлім «Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесін» шығару кезінде 3 мұғалім Сейткереева А.А., Тлеулиева Г.К. бала күтіміне байланысты декреттік демалыста ұзақ мерзімде отыруына байланысты және Ермагамбетов С.Т. мүгедектігіне байланысты дәлелді себептермен біліктілігін арттыру курстарынан өте алмауына байланысты бұл 3 мұғалімді үлес шығаруда сапаға қоспадық.
- 4-бөлім «Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің санаты бойынша жалпы санынан үлесі» мектепте бастауыш сынып бойынша тек 1 ғана мұғалім Ермагамбетов С.Т. Ол мұғалім мүгедектігіне байланысты аттестаттаудан өтпейді.
- 7-бөлім «Ғимараттарда (оқу корпусстарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)біздің мектептің ғимаратына дәлелді себептермен мүмкін болмай отыр.

Жалпы есептей келе қорытынды ұпай «40 баллға» сәйкес келіп отыр.

Қорытынды: «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасын» өзін өзі бағалау парағы бойынша **«40 ұпай»** яғни 35-44 аралығы, демек **«жақсартуды талап етеді»** дегенге сәйкес. «Өзін өзі бағалау» бойынша комиссия құрамының жұмысын қорытындылай келе, мектептің білім беру қызметтерін көрсету сапасы **«жақсартуды талап етеді»** деген бағаға сәйкес келеді.

Ұсыныс:

1. Білім беру сапасын арттыру мақсатында әр оқушының қолжетімді және сапалы білім алу құқығын іске асыру;
2. Педагог-психологпен бірлесіп дарынды және үлгерімі нашар оқушылардың деректер банкіні құру және олармен жұмыс жасауды жүйелі түрде қолға алу;
3. Мұғалімдердің уақытылы біліктілікті арттыру курстарынан өтуін, біліктілік санатын көтеруін үнемі назарда ұстау.

Пед.кеңес төрайымы:

Хатшы:



Гумарова Г.У.

Ибрашева К.Н.